КЕЛІСІЛГЕН
Қарағанды облысында
білім беруді дамытудың
оқу-әдістемелік орталығы
директорының орынбасары
_____ Сарсембаева А.Ж.
«27»_____01_____2021 ж.

БЕКІТЕМІН
Қарағанды облысында білім
беруді дамытудың оқу-
әдістемелік орталығы
директорының м.а.
_____Абдикерова Б.Х.
«27»_____01_____2021 ж.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерекесіне орай «Ауылым- алтын бесігім» тақырыбындағы бейнероликтер байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерекелеу аясында облыстың техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының (колледждердің) студенттері арасында бейнеролик түрінде студенттік жобалық жұмыстар байқауын (әрі қарай — байқау) өткізу туралы ереже байқауды өткізудің мақсатын, міндеттерін, оның қатысушыларына қойылатын талаптарды, жеңімпаздарды марапаттау тәртібін белгілейді.

1.2. Байқау облыстың техникалық және кәсіптік білім беретін ұйымдары (колледждердің) студенттерінің кәсіби-шығармашылық әлеуетін жандандыруға, патриоттық және азаматтық қасиеттерін тәрбиелеуге бағытталған.

2.Байқаудың мақсаты мен міндеттері

2.1. **Байқаудың мақсаты:** туған өңірінің көрікті жерлерін, тарихын зерделеу негізінде жас ұрпақтың бойында белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыруға, патриоттық сезімді, туған жерге деген сүйіспеншілікті дамытуға ықпал ету.

2.2.**Байқаудың міндеттері:**

- авторлық пікірлері мен стандартты емес идеяларын білдіруге мүмкіндік тудыру;
- туған өлкесінің тарихын білуге деген ынтасын дамыту.

2.3. Байқаудың ұйымдастырушылары: Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы, Қарағанды «Bolashaq»жоғарғы колледжі.

3. Байқауды ұйымдастыру

3.1. Байқау **2021 жылдың 26 ақпанында** өткізіледі.

3.2.Байқауды ұйымдастыру, қорытындыларын шығару үшін ұйымдастыру комитеті және қазылар алқасы құрылады.

3.3. Ұйымдастыру комитеті байқау туралы ақпаратты тарату, шығармашылық жұмыстарды байқауға жіберу мерзімін белгілейді, қазылар

алқасының жұмысын қамтамасыз етіп, Байқау жеңімпаздарын марапаттаудың нысандары мен тәртібін белгілейді.

3.4. Байқауға қатысушының өтініші **2021 жылдың 21 ақпанына дейін** (№ 1қосымшаға сәйкес) көрсетілген электрондық почта арқылы: iman_45@mail.ru қабылданады.

3.5. Байқауға жіберілетін бейнежазбалар **2021 жылдың 1-21 ақпаны** аралығында қабылданады.

Белгіленген мерзімнен кешіктіріліп ұсынылған материалдар қарастырылмайды.

3.6. Қазылар алқасының нәтижесі **2021 жыл 26 ақпаны** анықталады. Қазылар алқасының шешімі қайта қарауға жатпайды. Ұсынылған бейнежазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

4. Байқауды өткізу шарттары мен тәртібі

4.1 Бейнероликтің хронометражы 180 секундтан 300 секундқа дейін. (3-5 мин).

4.2 Тақырыбы мен негізгі идеясы: бейнероликте өңір, ауылдың атақты тұлғалары, тарихы, тарихи ескерткіштері, табиғаты туралы баяндалып, автордың пікірі мен үйреншікті емес идеясы жобалануы керек. Бейнероликте ең басты назар автордың өлке тарихына қатысы болуы шарт.

4.3 Байқауға облыстың техникалық және кәсіптік білім беретін ұйымдары (колледждердің) студенттері қатысады.

4.4 Байқауға қатысу үшін студенттер ұйымдастырушыларға келесі материалдарды жібереді:

— №1 қосымшаға сәйкес байқауға қатысушылар өтінімдерін;

— бейнероликтің электронды нұскасын.

4.5 Байқауға ұсынылған шығармашылық материалдар келесі талаптарға сәйкес ұсынылады:

4.5.1 HD (1280x720) бастап Full HD (1920x1080) дейін;

4.5.2 формат *mp4;

4.5.3 бейнематериалдың хронометражы 3-5 минутқа дейін.

4.5.4 Бейнероликтің рәсімделуі: бастапқы кадрларында автор(лар)дың аты-жөні, білім беру ұйымының атауы, топ (мамандығы), бейнероликтің атауы жазылған ақпарат болуы тиіс.

4.5.5 Бейнероликтің монтажы және түсірілімінде арнайы бағдарламалар мен құралдарды қолдану – қатысушылардың өз қалауына байланысты.

4.5.6 Қатысушылар бейнероликтің жанрын өздері анықтайды: сұхбат, репортаж, бейнеклип және т.б. Бейнероликте фотосуреттер қолданылуы мүмкін.

4.5.7 Бейнеролик тілі: қазақша.

4.6 Байқауға ұсынылған шығармашылық жұмыстарды бағалау критерийлері:

- ұсынылған шығармашылық материалдардың нысаны мен мазмұнының байқау тақырыбына сәйкестігі.
- тақырыпты ашу деңгейі;

- авторлық пікірі мен үйреншікті емес идеясының болуы;
- дыбыстық сүйемелдеу, бейне әсерлердің болуы.

4.7 Бұрын түрлі сайттарда, әлеуметтік желілерде жарияланған, басқа байқауларға ұсынылған және талапқа сай келмейтін көркемдігі төмен шығармалар қабылданбайды.

5. Байқау қорытындысын шығару

5.1. Байқаудың қорытындысы **2021 жылдың 26 ақпанындағы** облыстық әдістемелік бірлестіктің онлайн отырысында жарияланады. (Zoom платформасында, кіру коды алдын ала хабарланады).

5.2. Байқауға ұсынылған шығармашылық материалдарды білікті қазылар алқасы бағалайды.

5.3. Қазылар алқасы байқауға ұсынылған шығармашылық жұмыстарды қабылдайды, қарайды және жеңімпаздарды анықтайды.

5.4. Қазылар алқасы жұмыстарды 10 баллдық жүйемен бағалайды. Ұпайлар жинақталады. Ең көп ұпай санын жинаған қатысушылар Байқау жеңімпазы болып табылады.

5.5. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті және ол өзгертілмейді. Қазылар алқасының шешімі тиісті хаттамамен рәсімделеді.

5.6. Комиссия шешімі бойынша анықталған жеңімпаздар дипломдармен марапатталады, барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

5.7. Конкурс жүлдегерлерін дайындаған оқытушылар алғыс хаттарымен марапатталады.

Байқауға байланысты сұрақтар бойынша:

Анықтама телефондары: **87755906167**
Қарағанды «Bolashaq»жоғарғы колледжі
Тілдер кафедрасының меңгерушісі : Жолкенова Г.Ж.
Конкурстың эл. поштасы:iman_45@mail.ru

1 қосымша

«Ауылым алтын бесігім» атты бейнероликтер байқауына қатынасуға өтінім

Қатынасушының аты- жөні, туған жылы	
Мамандығы, курсы	
Байланыс телефоны	
Білім беру ұйымының толық атауы	
Жетекшісінің аты- жөні	
қызметі	
Байланыс телефондары	
Номинация атауы	